

Павлодар облысы Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Павлодар облысының әкімдігі мен мәслихатының 2008 жылғы 14 қаңтардағы біріккен N 2, 53/3 қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 24 қаңтарда N 3103 тіркелген.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6- бабы 1- тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 3) тармақшасына, Баянауыл ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 1 қарашадағы "Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" N 181/11-а қаулысына, Баянауыл ауданы мәслихатының (IV сайланған III сессиясы) 2007 жылғы 2 қарашадағы "Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" N 18/3 шешіміне, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 7 желтоқсандағы "Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" N 279/9 қаулысына сәйкес және Баянауыл селолық округі, Жанажол селолық округі, Майқайын кенті тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Баянауыл селолық округінің құрамында Шонай ауылы, Жаңажол селолық округінің құрамында қарашоқы ауылы, Майқайын селолық округінің құрамында үшқұлын ауылы құрылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі